

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 7 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімге 2022 жылғы 10 мамырда Мемлекет басшысының Анкарадағы сапары шеңберінде қол қойылды.

Түркия Республикасы Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық әріптестерінің бірі болып, сауда қарым-қатынасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді есепке алмағанда үшінші орынға ие болып отыр.

Келісімді ратификациялау екі мемлекеттің арасында өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары бойынша мәліметтермен электрондық алмасу арқылы кедендік бақылаудың тиімділігін арттыруға және жүргізу мерзімдерін қысқартуға бағытталған. Осылайша кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау көзделген.

Қаралып отырған заңның ережелеріне сәйкес ақпарат алмасуда сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға келесідей артықшылықтар қарастырылған:

өткізу пункттерінде шекарадан өтудің басым тәртібін жүзеге асыруды;

кедендік бақылау уақытын қысқарту мақсатында кедендік формальдылықтарды оңайлатуды;

кеден ісі саласында құқық бұзушылықтардың және контрабанданың белгілері болған жағдайларды қоспағанда өткізу пункттерінде кедендік жете тексеруден босату.

Бұған қоса берілетін мәліметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тараптардың уәкілетті органдары ақпарат алмасудың техникалық шарттарын жеке әзірлейтін болады. Сонымен қатар ережеде кеден органдары аталған құжаттың шарттары орындалуы үшін мағлұматтармен бөлісуге жауапты және тікелей байланыстарды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген құзыретті лауазымды адамдардың тізімі айқындалады. Сондай-ақ ақпараттандырудың техникалық шарттарын әзірлеп, пилоттық жобаны іске асыруға кіріседі. Бұл процесс аяқталғаннан кейін екі елдің кеден органдары мәліметтермен тұрақты негізде алмасуды қолға алады.

Заң Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталғанын көрсетеді.

Құжатты қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды. Келісімді іске асыру мақсатында мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Аталған құжат жұмыс тобының отырысында, комитет отырысы мен комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 55-4-тармағы 2) тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Бекболат Серікбекұлы! Қаралып отырған келісімде мемлекеттердің шекарасында өткізілетін өзара кедендік рәсімдеуге қатысты мәліметтермен электрондық алмасу арқылы кедендік бақылаудың тиімділігін арттыру және оны оңтайландыру мерзімін қысқарту көзделген. Алайда келісімнің 3-бабы 6-тармағына сәйкес ақпарат алмасу және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату Қазақстан және Түркия тұлғаларының

келісуімен қолданылады, яғни бұндай келісім болмаған жағдайда электрондық ақпарат алмасу жүзеге асырылмауы мүмкін. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Келісімнің мақсаты кедендік бақылаудың сапасын арттырумен қатар шекара арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы деректердің сәйкессіздігі мен оларды бұрмалау фактілеріне жол бермеу болып табылатынын ескеретін болсақ, жоғарыдағы аталған баптың талаптарының кедендік қызметтің тиімділігіне теріс әсері болмай ма? Аталған өзара келісім берудің тәртібі қалай реттелетін болады? Рақмет.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Қазіргі уақытта Дүниежүзілік кеден ұйымының негіздемелік арнайы стандарты бекітілген болатын. Шекарадан өтетін тауарлар тізімінің стандарты бар. Ол белгіленген халықаралық құжат болып табылады. Мысалы, стандарттың 1-тармағына келетін болсақ, ол берілген деректердің қауіпсіздігін және құпияны қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Дүниежүзілік кеден ұйымының жоғары органдарының бірі – Саяси комиссияның мүшесі, сондықтан біз осы халықаралық стандартты пайдалануымыз қажет.

Негіздемелік стандартты пайдалану шекарадан өтуде жеңілдіктер қарастырады. Сыртқы экономикада қызмет жасайтын заңды тұлға мен жеке тұлға осы стандартта қарастырылған жеңілдіктермен шекарадан өтетін болады. Егер ол азаматтар келісім бермейтін болса, онда міндетті түрде Мемлекеттік кірістер комитеті арқылы белгіленген тәртіппен жұмыс жасайтын болады.

Ақпараттық алмасу жөнінде айтсақ, мемлекеттік стандартқа сәйкес ақпараттық алмасу стандарттың бірі болып табылады. Алты ай мерзімде екі мемлекеттің арасында келіссөздер жүргізілетін болады. Ратификацияланғаннан кейін арнайы пилоттық жоба дайындалады. Осы пилоттық жобаны жұмысымызда басшылыққа алатын боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, қосарыңыз бар ма?

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бұл импорттық, экспорттық операция ғой, сондықтан кеденнен тез өту үшін салық төлеуші, яғни бизнес өкілі өзі арызды беру арқылы іске асыруға қол жеткізеді. Осы келісімде оның көп тиімді жағы көрсетілген. Сондықтан біз жарты жылдың ішінде техникалық қажеттілікті көздеген кезде келісімін алу үшін сондай тармақты көздеп отырмыз. Біз оны іске асырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

В соответствии с подпунктами а) и б) статьи 4 соглашения лица двух сторон, осуществляющие внешнеэкономическую деятельность, могут пользоваться следующими

преимуществами: приоритетным порядком прохождения границы в пунктах пропуска и упрощением таможенных формальностей с целью сокращения времени таможенного контроля.

В связи с этим возникают вопросы.

1. Что именно включает в себя приоритетный порядок прохождения границы в пунктах пропуска?

2. Насколько условия приоритетного порядка прохождения границы в пунктах пропуска турецкой стороны отличаются от казахстанской стороны?

3. Что входит в понятие «упрощенные таможенные формальности»?

Также в соответствии со статьей 4 лица двух сторон, осуществляющие внешнеэкономическую деятельность, в отношении которых применяется соглашение, получают преимущества, установленные национальным законодательством государств-сторон.

Возникает вопрос: устанавливается настоящим соглашением возможность применения этих норм уже сегодня и сейчас, или же они будут определяться самостоятельно таможенными органами сторон в дальнейшем? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Шәкәрім Сабырұлы, құрметті депутаттар! Да, данным соглашением предусматривается ряд упрощений:

- 1) приоритетный порядок прохождения через таможенную границу;
- 2) упрощение формальностей;
- 3) уменьшение досмотра либо освобождение от таможенного досмотра.

Хотелось бы сразу сказать, что все понятия, заложенные в соглашении, в нашем Таможенном кодексе, унифицированы с понятиями, правилами Всемирной таможенной организации. И в рамках работы над этим соглашением мы с турецкой стороной согласовывали, что понимается под каждым определением.

Если останавливаться по пунктно, это приоритетный порядок прохождения границы. То есть если мы обмениваемся информацией с турецкими коллегами и видим, что данное автотранспортное средство прибывает, мы его уже проверили, мы ему обеспечим беспрепятственный проезд через таможенный пункт пропуска, что сейчас и делается по скоропортящимся продуктам питания, мы их в первую очередь пропускаем по отдельной линии. Это первое.

Второе – упрощение таможенных формальностей, процедур. Это сопоставление данных, это мы делаем через данные, предоставленные участниками внешнеэкономической деятельности, а также через другие учетные документы. Если мы получим их заранее, оперативно, это упрощает процедуру, и мы пропускаем через упрощенный таможенный коридор, как говорят, «зеленый» коридор. Естественно, если мы удостоверяемся через систему управления рисками, что нет нарушений, он освобождается от досмотра.

Эти преимущества позволяют быстро, безболезненно, с меньшими затратами проезжать через таможенные пункты пропуска. Спасибо.

ТӨРАҒА. Был вопрос о том, что все ли моменты устанавливаются данным соглашением, или в дальнейшем таможенные органы будут определять какие-то аспекты, насколько дальше таможенные органы сами могут какие-то вещи развивать, упрощать и так далее, или все вопросы регулируются только данным соглашением.

БІРЖАНОВ Е.Е. Уважаемый Маулен Сагатханұлы, данные три пункта – это базовые, которые понятны двум сторонам. В дальнейшем таможенные службы двух стран будут проговаривать, какой формат взаимодействия, какие уполномоченные лица, какие графы, периодичность, через какие каналы, то есть технические условия будут соблюдаться.

Если в дальнейшем будем прорабатывать упрощение, какие-то новые подходы, естественно, с этой инициативой будем выходить. Но на сегодня это стандартный набор упрощений, которые есть во многих международных соглашениях. Спасибо.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рұқсат етсеңіз.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Все-таки те позиции, которые перечислил вице-министр, отражаются в технических условиях между двумя странами, где все это описывается.

Второй вопрос. Обмен информацией на сегодня уже есть, информационная система называется «Кеден», интеграционная система уже есть. Все технические условия будут обрабатываться по линии информационной системы «Кеден», которая уже работает.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сагатханұлы.

Менің сұрағым Ержан Ерікұлына.

В соответствии с соглашением обмен информацией по товарам лиц, осуществляющих внешнеэкономическую деятельность, производится в режиме онлайн.

Кроме того, в рамках соглашения стороны в течение шести месяцев разрабатывают технические условия и приступают к реализации пилотного проекта. Понятно, что вначале будет апробация, но по истечении шести месяцев соглашение будет дальше действовать.

В этой связи вопрос. На данный момент какова готовность казахстанской стороны к реализации данного проекта, как обстоят дела с интеграцией с информационными системами Турецкой Республики? Это очень важно, чтобы завтра не возникла ситуация, когда бизнесмены Турции будут заполнять у себя декларацию, но потом будут вынуждены вновь вручную производить те же самые действия здесь? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Жанна Бейсентайқызы! Да, вопрос очень актуальный в свете обеспечения сохранности всех сведений участников внешнеэкономической деятельности. В соответствии с Законом «Об информатизации» и утвержденными правилами по обмену информацией в Казахстане с 2018 года информационный обмен между странами производится через единый шлюз – внешний портал «электронного правительства». То есть у нас будет предусмотрено не прямое взаимодействие наших систем с системами Турецкой Республики, а наша внутренняя система органов государственных доходов будет интегрирована со шлюзами «электронного правительства», а шлюзы «электронного правительства», в свою очередь, будут интегрированы... То есть обмен данными будет производиться с турецкой стороной, страна через один вход, через один выход будет получать информацию. Также это будет соответствовать всем стандартам информационной безопасности.

Данный шлюз на сегодня работает. В рамках Союза мы уже обмениваемся данными, будем дальше развивать данное направление, чтобы получать оперативную информацию. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Слово предоставляется депутату Ниязовой Нури Исмагиловне.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Рассматриваемый закон направлен на повышение эффективности и сокращение сроков проведения таможенного контроля посредством электронного обмена сведениями по товарам и транспортным средствам, перемещаемым между двумя странами.

Турецкая Республика является одним из основных торгово-экономических партнеров Казахстана и занимает третье место в торговле с Республикой Казахстан, первое место занимает Китай, второе – Италия (без учета государств – членов ЕАЭС).

Объем товарооборота между странами за 2022 год составил 6,3 миллиарда долларов США, за первое полугодие 2023 года – 2,9 миллиарда долларов США.

Ввоз грузов осуществляется через 12 пунктов пропуска, из них 10 автомобильных, 2 железнодорожных и 1 морской. Вывоз грузов осуществляется через 7 пунктов пропуска, из них 6 автомобильных, 1 железнодорожный и 1 морской.

После ратификации соглашения последует этап разработки технических условий обмена информацией, который составит в среднем шесть месяцев. Далее последует этап реализации пилотного проекта, срок также займет шесть месяцев.

Пилотный проект подразумевает под собой обмен данными по каналам связи на основании технических условий обмена информацией.

Также необходимо отметить, что согласно ручному таможенному контролю по стоимости товаров, ввозимых из Турецкой Республики, сумма корректировки таможенной стоимости с 1 января по 31 августа текущего года составила 770 миллионов тенге.



Уважаемые коллеги! Реализация настоящего закона позволит повысить уровень сотрудничества между сторонами в целях защиты экономических и общественных интересов, а также упростить и оптимизировать процедуры таможенного контроля, что, в свою очередь, значительно увеличит суммы поступлений таможенных и налоговых платежей.

Учитывая вышеизложенное предлагаю поддержать данный закон.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Келісім екі мемлекет арасында тасымалданатын тауар мен көлік құралдары туралы электрондық ақпарат алмасу тәртібін айқындайды. Соның нәтижесінде кедендік бақылау рәсімдерінің мерзімдері қысқарып, тиімділігі артады деп күтілуде. Осы мақсатта өткізу пункттерінде шекарадан өтудің тәртібі анықталады. Сондай-ақ кедендік тексеруден босату және өзге кедендік рәсімдеулерді жеңілдету көзделіп отыр.

Алдағы уақытта заң кәсіпкерлеріміз үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етіп, екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Осы депутаттық сауалға Алматы облысындағы өңірлік сапар барысында су мамандарымен кездесулерде айтылған бірнеше мәселелер мен ұсыныстар себеп болып отыр.

Мамандар атап өткендей, біздің басты проблемамыз суды жоспарлау, бақылау және пайдалану жүйесінің тиімсіздігі салдарынан туындауда. Мысалы, «Бартоғай» су қоймасы және Д. Қонаев атындағы үлкен Алматы каналы «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалы теңгерімінде, ал көрсетілетін қызметті беруші Алматы облысы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын.

Мамандардың пікірінше, аталған кәсіпорындарды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беретін болса, облыстық коммуналдық кәсіпорын өзінің тарифін анықтап, бірыңғай оператор ретінде қызмет көрсете алады.

Су саласы мамандарын алаңдатып отырған үлкен мәселелердің бірі – кейбір су шаруашылығы құрылыстары жеке тұлғалардың меншігіне өтуі. Іс жүзінде меншік иелері тарапынан осы құрылыстардың жай-күйін жақсартуға ешқандай инвестиция салынбайды. Сондықтан жекеменшікке өткен су құрылыстарына түгендеу жұмыстарын жүргізіп, оларды республикалық немесе коммуналдық меншікке қайта қайтару мәселесін пысықтаған жөн.

Сонымен қатар Үкімет тарапынан келесі іс-шараларды іске асыру ұсынылады:

1) суармалы суды тиімді пайдалану үшін бірыңғай операторды белгілеу туралы мәселені пысықтау;

2) Балқаш ауданы аумағындағы Іле өзенінде «үрлемелі» бөгет салу бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы тез арада аяқтау;

3) бір суару каналында орналасқан екі және одан көп жер пайдаланушыларға суару каналын пайдаланудың тәртібін белгілейтін ережені бекіту және де сарқынды суларды ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану және оларды есептеу әдістемесін әзірлеу.

Сонымен қатар 2023 – 2026 жылдарға су мәселесіне арналған Жол картасына келесілерді енгізу қажет:

1) шаруашылық тәсілмен жөндеу жұмыстарын жүргізетін субъектінің шотына бюджет қаражатын тікелей аударуға мүмкіндік беретін бюджеттік бағдарлама жіктеушінің кодын әзірлеу және бекіту;

2) жеке су шаруашылығы ұйымдарын құру туралы мәселені қарастыру;

3) сумен қамтамасыз етудің өңірлік табиғи ерекшеліктерін ескере отырып ауыл шаруашылығы дақылдарын суару қағидаларының жобасын және су пайдалану тарифін құруды жетілдіру;

4) су айдау сорғы станциялары үшін электр энергиясына шығындарын өтеу бойынша мемлекеттік қолдау шараларын қарастыру.

Аталған мәселелер бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап қайтаруыңызды сұраймыз.

Сауалдың толық мәтіні қосымшада.

Құрметпен Ж. Жөргенбаев, З. Кузеев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! В рамках новых инициатив Президента страны по построению Справедливого Казахстана в прошлом году были созданы новые области, в том числе область Улытау. В каком состоянии находится областной центр город Жезказган, вам хорошо известно. Это аварийные дома, ветхая изношенная инженерная и



дорожная инфраструктура, острая экологическая проблема, нехватка качественной питьевой воды, перечислять можно много и долго.

Президент страны отметил: «Моногорода производят около 40 процентов промышленной продукции, однако в этих городах остается много нерешенных проблем социально-экономического и экологического характера. Заниматься самообманом и вводить в заблуждение жителей мы не имеем права. От правильного анализа будут зависеть и инструменты поддержки того или иного города».

Закономерно, что жители области, воодушевленные созданием области, ждут реальных, кардинальных улучшений качества жизни.

Какова ситуация спустя почти полтора года? Какие поручения исполнены, Алихан Асханович, после Вашего рабочего визита в город Жезказган?

Остановимся только на жизненно важных инфраструктурных проектах, на необходимость реализации которых акцентировал Президент страны в новом Послании народу Казахстана.

Первое. Строительство Эскулинского водовода с учетом водоснабжения города Жезказгана. Заказчиком проекта является Комитет по водным ресурсам. Проект реализуется с 2010 года, не раз корректировался в сторону увеличения стоимости. Освоено 8 миллиардов тенге. В 2021 году объект должен был быть завершен, но средства в сумме 537 миллионов не освоены, объект не сдан. В текущем году предусмотрено 427 миллионов тенге на завершение проекта.

Во время Вашего визита в Улытау Вами дано поручение – сдать объект согласно графику в июне этого года, однако до сегодняшнего дня объект не введен в эксплуатацию, со стороны министерства не было контроля. Учитывая, что создано новое Министерство водных ресурсов и ирригации, есть опасение, что объект в этом году не сдадут, прием-передача, организационные процедуры могут затянуться.

Второе. Реконструкция Уйтас-Айдоского водовода, первая очередь. Заказчиком является Комитет по водным ресурсам.

Для реализации проекта в текущем году из резерва Правительства выделено 4,2 миллиарда тенге при необходимых 8,4 миллиарда тенге. Необходимо до конца года из резерва выделить 4,2 миллиарда тенге, есть риски недофинансирования.

Третье. Реконструкция хозяйственно-питьевых очистных сооружений города Жезказгана, вторая очередь. С 2022 года начаты работы по данному проекту с использованием новейших технологий, общая стоимость проекта составляет 8 миллиардов тенге (до корректировки).

В текущем году выделено 6 миллиардов тенге. На сегодня проект прошел корректировку, удорожание составляет 8 миллиардов тенге дополнительно.

Четвертое. Реконструкция и модернизация тепловых сетей города Жезказгана, вторая очередь. Этот проект реализуется с 2019 года, период реализации 2019 – 2024 годы. В текущем году Министерством национальной экономики выделено 1,6 миллиарда тенге. На сегодня проект также корректируется, предварительное удорожание проекта на 11 миллиардов тенге, так как проект был разработан в 2017 году. Здесь также требуется выделение дополнительных средств.

Если учесть нормы Бюджетного кодекса, то сумма удорожания после корректировки финансируется из местного бюджета. К сожалению, в местном бюджете этих денег нет, объекты могут стать очередным долгостроем, а население остается без качественной питьевой воды и тепла в домах. Поэтому Правительству необходимо детально разобраться и принять все меры по полному завершению этих проектов.

Касательно подготовки ТЭЦ города Жезказгана к отопительному сезону. Будучи в регионе, мы, депутаты Сената, посетили данный объект и ознакомились с ходом исполнения ремонтных работ. Обращаем Ваше внимание на следующие проблемы.

Высокий износ основного энергетического оборудования. Средний износ котлоагрегатов на станции составляет 74 процента, турбин – 63 процента. Турбоагрегаты № 5, 6 и 7 эксплуатируются с неоднократным продлением паркового ресурса. Модернизация котлов № 8,10 практически не ведется.

В связи с отставанием капитальных ремонтов на основном оборудовании имеется риск неполной готовности всего состава основного оборудования на начало предстоящего отопительного сезона.

Учитывая состояние дел и ожидания населения области динамичного развития, просим Вас, уважаемый Алихан Асханович, уделить внимание области Улытау, оказать помощь и содействие в решении накопившихся проблем.

Ответ на депутатский запрос просим предоставить письменно в предусмотренные законом сроки.

С уважением, депутаты С. Шайдаров, С. Медебаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Медициналық кадрларды даярлау мемлекет алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады. Ұлт денсаулығы қашанда ел болашағының негізгі тірегі екені де бұлжымас заңдылық. Өкінішке қарай, Қазақстанда медицина саласының шешімін күтіп тұрған проблемалар аз емес. Соның ішінде медициналық кадрлардың біліктілік деңгейі өзекті мәселеге айналып отыр және бұл мәселе тікелей медициналық білімнің сапасына байланысты, ал сапа тұтас саланың кепілі екені белгілі.

Осы тұрғыда 2020 жылдан бері Парламент депутаттары қаперге алған бұл түйткіл бүгінге дейін шешімін таппай отыр.

Тарқатып айтатын болсақ, қазіргі уақытта медициналық мамандықтарды оқытуға бөлінетін мемлекеттік тапсырыс қаражатының мөлшері оқу процесін ұйымдастыру үшін жоғары оқу орындарының шығындарын өтемей, олардың қаржылық жағдайын қиындата түсіп отыр, сөйтіп оқу сапасына теріс әсерін тигізуде.

Нақты мәліметке сүйенсек, «жалпы медицина» мамандығы бойынша бакалавриат грантының құны соңғы рет 2021 жылы қайта қаралған, медициналық жоғары білім беру

ұйымдары үшін 1 миллион 1 мың теңге болып бекітілген. Алайда аталған баға 2021 жылдан бастап оқуға түскен студенттерге ғана қолданылады, ал 4-ші және одан жоғары курс студенттері үшін гранттардың бағасы он жыл бойы қайта қаралмай отыр, бүгінде бұл бағаның бір жылға 609 мың теңге көлемі анықталып отыр. Шын мәнінде қазіргі медицина маманын оқытудың өзіндік құны бір білім алушыға шамамен 2 миллион теңгені құрап отыр. Осыған орай медициналық жоғары оқу орындары өзін-өзі қамтамасыз ету үшін ақылы студенттердің тобын көбейтуге мәжбүр болып отыр.

Биылғы оқу жылында медицина мамандығына оқып жатқан 63 мыңнан аса студент болса, оның тек 41 пайызы мемлекеттік білім беру тапсырысы қаражаты есебінен оқытылып отыр, қалғандары өз есептерінен оқуларын жалғастырып отыр.

Студенттер санының шамадан тыс артуы себебінен тағы да сол аудитория тапшылығы мен жатақхана жетіспеушілігі орын алуда. Медицина саласына сапалы маман даярлауға кедергі келтіретін бұл мәселе бір оңтайлы шешімін табуы тиіс. Мәселен, үш жылдық деректерге сүйенсек, соңғы үш жылдың ішінде ақылы түрде оқитын студенттер саны 50 пайызға артып отыр, ал академиялық бакалавриатта оқитын студенттердің саны 62 пайызға өскен. Осы себептен аудиториялық қордың 15 мыңға жуық шаршы метрге тапшылығы, жатақхана бойынша 6,5 мың орынға қажеттілік туындап отыр. Бұл тек қана медициналық жоғары оқу орындарында. Клиникалық жабдықтар базасының 60 пайызының тозығы жеткен, материалдық-техникалық базаның ескіруі себептері медициналық мамандар даярлау ісінің сапасына кері әсер етіп, болашақ мамандар әлемдік стандарттарға сай жаңа технологиялармен білім ала алмауда.

Сонымен қатар грант құнының төмендегінен және жүктеменің аса жоғары болуынан медициналық жоғары оқу орындары оқытушы-профессорлық құрамын лайықты жалақымен қамтамасыз ете алмай, мамандардың жаппай саладан кету ықтималдығы артуда.

Заманауи медицина талабына сәйкес дәрігер дайындаудың оқыту құны басқа мамандықтарды оқытуға қарағанда шығыны көп. Мәселен, медицинасы озық дамыған елдерде медициналық мамандықтарды оқыту құны өзге мамандықтармен салыстырғанда 2-ден 4 есеге дейін артық.

Қорыта айтқанда, аталған проблемалар медициналық мамандар даярлау ісінің сапасына ғана емес, қазақ медицинасының болашағына да күмән келтіретін күрделі жағдай. Медициналық жоғары оқу орнында биік деңгейде конкурстар өтетінін және өте дарынды балалар түсетінін ескерсек, жас дәрігерлердің білімдерінің көп жағдайда жеткіліксіздігі жоғарыда аталған кемшіліктерден екені түсінікті. Ал оның зардабын халық көріп отыр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстандық медицинаның қалыптасқан мектебі бар. Оны сақтап қалу мақсатында сізден бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура және докторантураның медициналық мамандықтарын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша республикалық бюджеттен бөлінетін гранттың құнын қайта қарауды және 2021 жылға дейін қабылданған студенттерді қоса алғанда ұлғайту шараларын қабылдауыңызды сұраймын.

Құрметпен А. Әлназарова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, менің депутаттық сауалыма Астана қаласындағы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды қолдау орталығына барғанда көрген жағдай түрткі болды. Ол жерден мен Талдықорған қаласындағы «Айналайын» орталығының тәрбиеленушісін көрдім. Мен Талдықорғандағы «Айналайын» орталығының қамқоршылар кеңесі төрағасы болғаннан кейін ондағы барлық баланы танимын. Мені сол баланың жағдайы алаңдатты. Ол баланы Астана қаласындағы бір отбасы асырап алып, кейін көп ұзамай балалар үйіне кері қайтарған. Қазір бала Астана қаласындағы орталыққа уақытша орналасты, құжаттарын рәсімдеу біршама уақыт алуда, қайтадан Талдықорғандағы орталыққа қайтару процестері жүріп жатыр.

Депутаттық сауалымды Премьер-Министрдің орынбасары Дүйсеноваға жолдаймын.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Қазақта «жетімін жылатпаған елміз» деген аталы сөз бар. Алайда бүгінгі заман талабы бұл сөздің салмағын заңмен, белгілі бір құқықтық нормалармен айқындай түсіп, бала асырап алушы азаматтарға аса жауапты міндет артып отыр ма?

Елімізде бала асырап алуға ниет білдіргендер саны көбейгенімен, асырап алған баласын балалар үйіне кері қайтарушылардың да саны азаймай тұр. Соңғы бес жылдағы статистиканы қарасақ, бұл 64 пайызға өскен. 2020 жылы 160 бала, 2021 жылы 197 бала, 2022 жылы 217 бала кері қайтарылған екен. Ал асырап алған баласынан бас тартқан ата-анаға мемлекет тарапынан берілген 75 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қаражатты мемлекетке кері қайтару, алимент төлеу және екінші рет бала асырап алу мүмкіндігінен айыру сияқты құқықтық жауапкершілік шаралары ғана заңда қарастырылған. Дегенмен баланы асырап алып, өзге ортада өмір сүруге бейімдемек болып, кейін одан бас тартқанда балаға үлкен моральдық зиян келтіріледі. Ата-ана мейірімін көрмей, онсыз да жатбауыр болып өскен баланың мінез-құлқына кері әсер ететін жағдайлар туындайды. Бірауыз сөзбен айтқанда, болашағына балта шапты дейтіндей алғышарт туындайды.

Сонымен қатар асырап алған немесе қамқоршылығына алған ата-аналардың баланың жеке дамуына, яғни түрлі үйірмелер мен секцияларға апаруы, денсаулығы мен баланың жеке инициативалық талаптарының ескерілуі сияқты дүниелердің еш орындалмай, керісінше баланы қара жұмысқа салу мен басқа да өз мүддесіне пайдалануы сияқты жан ауыртарлық мәселелер де орын алып жатады. Бұл ең ауыр, бірақ шешімі уақыт күттірмейтін үлкен мәселе деп ойлаймын. Артық қыламыз деп тыртық қылып алудың басы осындай жауапсыз, жауапкершілігі төмен асырап алушылар әрекетінен басталатынын ұмытпайық.

Дәл қазіргі таңда бала асырап алушыларды арнайы қадағалаумен айналысып отырған қамқоршылық-қорғаншылық органы бар. Алайда ол мекеме қадағалау-тексеру жұмыстарымен айналысқанымен, толыққанды көмек көрсете алмай отыр. Бала асырап алушыларды үш жылға дейін толық бақылауында ұстап, арнайы сүйемелдеу жұмыстарын жүргізіп отыратын Бала асырап алу ұлттық агенттігі бар. Аталған агенттік аясында ата-

аналарға сүйемелдеушілік көмек, психолог, заңгер, невропатолог сынды мамандардың қызметі ұсынылады. Алайда бұл агенттіктің мүмкіндігі барлық ел аумағын қамтуға әлі де жетпейтіні белгілі. Бұдан келіп туындайтын мәселе – бала асырап алуға ниет білдірген азаматтармен жұмыс жасайтын орталықтардың ауқымын кеңейтіп, әлеуметтік қызметкерлердің санын көбейту керек деп ойлаймын.

Мемлекетіміз балалар үйін азайтып, әр бала ата-ана қамқорлығында өсуі тиіс деген ұстанымды нығайтқан сайын қамқорлығына алып, өз баламдай мәпелеймін дегендердің уәдені орындай алмай, жауапкершіліктен бас тартқандардың саны да көбейіп кеткені өкінішті.

Соған байланысты egov.kz «электронды үкімет» порталында «Қазақстандағы бала асырап алу талаптары, тәртібі және қажетті рәсімдер» бөлімінде қандай балалар асырап алуға жатады, кім асырап алушы бола алады, қандай құжаттар керек, асырап алушыға көрсетілетін көмек және материалдық төлемдер және тағы басқа ақпараттар берілген. Аталған ақпараттардың қатарына асырап алынған баланы қайтару орын алса оның заң алдындағы жауапкершілігі туралы да ақпарат енгізілсе деймін.

Сонымен қатар:

бала асырап алушы ата-аналарға арналған арнайы мамандандырылған мектеп немесе орталықтардың жұмысын кеңейту;

белгілі бір уақыттан кейін асырап алған баладан бас тартқан отбасыларға заң жүзінде жауапкершілікті әлі де болса күшейту, соның ішінде моральдық шығын ретінде қомақты мөлшерде айыппұл салу;

бала асырап алған отбасыларды қадағалау жұмыстарын толыққанды бір жүйеге келтіру.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша заңмен қарастырылған мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову Алихану Асхановичу.

«1 сентября текущего года Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своем Послании народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» отметил: «Состояние предпринимательского климата в стране является одним из важных вопросов. Между властью и бизнесом должен быть конструктивный диалог. Всем известно, что государственные органы допускают в своей работе определенные недочеты и перегибы».

Жалобы предпринимателей, поступающие в адрес депутатов, свидетельствуют об имеющихся фактах нарушения их прав и наличии недоработок в деятельности уполномоченных государственных органов, в частности в сфере ветеринарии.

Одним из таких проблемных вопросов в данном направлении является неурегулированность возмещения расходов субъектов бизнеса при отборе проб (образцов

продукции животного происхождения) на объектах внутренней торговли для проведения мониторинга безопасности продукции.

Согласно пункту 5 статьи 149 Предпринимательского кодекса расходы, связанные с отбором образцов продукции для экспертизы, финансируются за счет бюджетных средств. Вместе с тем вопреки указанным требованиям кодекса в Правилах отбора проб перемещаемых объектов и биологического материала выплаты расходов, связанных с отбором образцов продукции, предпринимателям не предусмотрены. В результате ветеринарные инспекторы вынуждены просить предпринимателей на безвозмездной основе выдать образцы либо приобретать их за свой счет.

Указанная проблема имеет повсеместный характер, о чем свидетельствуют проведенные встречи с населением во время выезда депутатов в регионы. Только в Алматинской области поступило 17 обращений предпринимателей о нарушениях со стороны ветеринарных инспекций.

В свою очередь, в соответствии с пунктом 2 статьи 14 Предпринимательского кодекса в процессе государственного регулирования предпринимательства государственными органами и их должностными лицами не должны создаваться препятствия к осуществлению законной деятельности субъектов предпринимательства.

Кроме того, имеется проблема длительного ожидания результатов исследований. Пробы для проведения экспертиз направляются в Национальный референтный центр по ветеринарии, а по стране имеется лишь две лаборатории в городах Астане и Алматы.

Финансирование этих услуг центром осуществляется за счет бюджетных средств. Срок проведения экспертиз – от 5 до 17 дней. В связи с затянутостью процедуры теряется актуальность таких исследований, так как к этому времени продукция животного происхождения уже реализуется потребителям.

Разрешение поднимаемых вопросов затрагивает интересы более 5 тысяч субъектов бизнеса.

Вместе с тем имеются факты нарушения прав предпринимателей в рамках рассмотрения административных материалов. В соответствии со статьей 43 Кодекса об административных правонарушениях при отсутствии отягчающих обстоятельств, предусмотренных статьей 57 КоАП, должностное лицо, применяющее административное взыскание, обязано применить меру взыскания в виде предупреждения. Однако ветеринарными инспекторами отдельных областей предприниматели привлекаются к административной ответственности по части 9 статьи 406 КоАП к штрафу вместо предупреждения.

Кроме того, допускается ряд других нарушений требований КоАП, а именно сроки привлечения к административной ответственности, порядок проведения сокращенного производства, процессуальные нарушения, необоснованное привлечение к ответственности.

На основании изложенного для разрешения вышеуказанных вопросов предлагается рассмотреть следующие пути решения:

прекратить незаконную практику отбора проб образцов продукции животного происхождения без выплаты расходов предпринимателям;



внести поправки в Правила отбора проб перемещаемых (перевозимых) объектов и биологического материала в части возмещения расходов субъектов бизнеса при отборе проб на объектах внутренней торговли;

неукоснительно соблюдать права предпринимателей в ходе рассмотрения административных материалов и другие предложения.

Полный текст депутатского запроса прилагается».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Босымбекқызына. Сауалым WorldSkills Kazakhstan қозғалысына қатысты.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Сізге елімізде білікті жұмысшы кадрларды даярлауға байланысты маңызды мәселе бойынша осы депутаттық сауалымды жолдап отырмын.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек екенін атап өтті.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі тәжірибеме сүйене отырып, WorldSkills Kazakhstan қозғалысына қолдау көрсетіп, дамытып, сондай-ақ жұмысшы кадрларды даярлауға мамандырылған оқу орындарының мәртебесі мен беделін арттыру қажеттігін атап өткім келеді.

Қазақстанның WorldSkills International қозғалысына қосылуы техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін жетілдірудегі маңызды қадамы болып табылады. Халықаралық жарыстар мен чемпионаттарға қатысу бізге кадрлар даярлаудағы заманауи әлемдік үрдістерді зерделеп қана қоймай, сонымен қатар біздегі білім беру жүйесінің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының Польша Республикасының Гданьск қаласында өтетін «EuroSkills Gdansk 2023» Еуропа чемпионатына қатысуы аясында келесі мәселелерді талқылауды ұсынамын.

1. WorldSkills Kazakhstan қозғалысын қолдау мақсатында білім беру ұйымдары мен индустриялық серіктестерді белсенді тартуды қамтамасыз ете отырып, WorldSkills Kazakhstan қозғалысын дамыту жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Бұл біздің қатысушыларымызды халықаралық чемпионаттарға ең жоғары деңгейде дайындауға мүмкіндік береді.

2. Өңірлік және республикалық чемпионаттарды өткізу, WorldSkills Kazakhstan қозғалысы шеңберінде өңірлік және ұлттық жарыстар түрлі салалардағы жас талантты мамандарды анықтауға және қолдауға, сондай-ақ кәсіби дағдылар мен құзыреттерді дамытуды ынталандыруға ықпал ететін болады.

3. Жұмысшы кадрлардың беделі мен мәртебесін арттыру үшін техникалық және кәсіптік бағытқа байланысты кәсіптерді, қоғамдық қабылдауды өзгерту бойынша белсенді

жұмыс істеу қажет. WorldSkills қозғалысына қатысушылардың табыстарын және олардың елдің дамуына қосқан үлесін насихаттау осы мамандықтардың мәртебесін арттыруға ықпал етеді.

4. Оқу орындарын дамыту мақсатында техникалық және кәсіптік дағдылар саласында білім беретін оқу орындарын қолдау және оларға жәрдемдесу мамандарды даярлау сапасын жақсартуға және олардың беделін көтеруге көмектеседі.

Осыған орай осы мәселелерді жоғары деңгейде талқылауды және «Талар» КЕАҚ Қазақстан Республикасындағы WorldSkills қозғалысының ұлттық операторының осы процестерге қатысу дәрежесін айқындай отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін дамытуға және нығайтуға бағытталған шараларды қабылдауды сұраймын. Бұл бізге халықаралық аренада табысты өнер көрсетіп қана қоймай, тез өзгеретін әлемдік еңбек нарығы жағдайында еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және әлемдік деңгейде бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Депутаттық сауалда көтерілген мәселелер бойынша сіздің ұстанымыңызды жазбаша түрде баяндауды және заңмен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймын».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 7 қыркүйек**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики об организации информационного обмена и упрощении процедур таможенного контроля», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. .... 2

БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан ..... 3

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. .... 3

БІРЖАНОВ Е.Е. .... 4

АСАНОВА Ж.Б. .... 5

БІРЖАНОВ Е.Е. .... 6

НИЯЗОВА Н.И. .... 6

**Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 7

**Депутат С.Ж. ШАЙДАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ШАЙДАРОВА С.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 8

**Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 10

**Депутат А.Ғ. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Ғ. к заместителю Премьер-  
Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. .... 12

**Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 13

**Депутат Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ТАСТЕКЕЕВА К.К. к заместителю Премьер-  
Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. .... 15

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы»  
РМК директорының міндетін атқарушы



Н. Уразбаев

Стенографиялау қызметінің  
басшысы



Г. Молдашева